

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Фармация комитеті Төрағасының
201_ жылғы “_____” _____
№ _____ бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық**

Сутегінің асқын тотығы - DF

Саудалық атауы

Сутегінің асқын тотығы - DF

Халықаралық патенттелмеген атауы

Жоқ

Дәрілік түрі

Сыртқа қолдануға арналған 3% спрей, 30 мл, 50 мл, 100 мл

Құрамы

100 мл препараттың құрамында

белсенді зат - сутегінің асқын тотығы (бастапқы субстанцияда сутегі асқын тотығының мөлшері 27%-дан 40%-ға дейін) - 7,5-тен 11,11 г дейін (бастапқы субстанцияда сутегі пероксидінің нақты мөлшеріне байланысты)
қосымша заттар: натрий бензоаты, тазартылған су.

Сипаттамасы

Түссіз, мөлдір, иіссіз немесе өзіне тән әлсіз иісі бар, әлсіз қышқыл реакциясы бар сұйықтық

Фармакотерапиялық тобы

Антисептиктер және дезинфекциялайтын басқа да препараттар. Сутегінің асқын тотығы.

АТХ коды D08AX01

Фармакологиялық қасиеттері

Фармакокинетикасы

Сутегінің асқын тотығы жарықтың әсерінен, қыздырғанда, оттегіні бөле отырып сілтілермен, тотықтыратын және тотықсыздандыратын заттармен жанасқанда жылдам ыдырайды.

Фармакодинамикасы

Оксиданттар тобының антисептикалық дәрісі. Дезинфекциялайтын, иіссіздендіргіш, сондай-ақ гемостатикалық әсері бар. Сутегінің асқын тотығы зақымданған терімен және шырышты қабықтармен жанасқанда қанның құрамындағы фермент – пероксидаза, су және белсенді оттегін түзе отырып сутегінің асқын тотығын ыдыратады. Бұл кезде көбік түзіледі, оның көмегі арқылы механикалық тазару және органикалық заттардың (протеиндер, қан, ірің) белсенділігі жойылады.

Препараттың антисептикалық әсері стерилизацияламайды, оны қолданғанда тек микроорганизмдер мөлшері уақытша азаяды.

Қолданылуы

- шағын беткейлік жарақаттарда, ойық жараларда
- беткейлік жарақаттардан ұсақ капиллярлық қан кету
- мұрыннан қан кеткенде

Қолдану тәсілі және дозалары

Ересектер мен кез келген жастағы балаларға дезинфекциялайтын және иіссіздендіретін дәрі ретінде.

Тері жабындарын, жарақаттар мен ойық жараларды өңдеу үшін, оны толық ылғалдандыру үшін жеткілікті мөлшерде зақымданған бөлікке бүркеді немесе оны тампонмен дымқылдандырады.

Препаратты жараның және тыртықтың толық жазылуына дейін қолданады.

Жағымсыз әсерлері

- болуы мүмкін: жараны өңдеу кезінде шымылдатуды сезіну
- жекелеген жағдайларда: аллергиялық реакциялар

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Препарат сілтілі ортада кейбір оксиданттардың металл тұздары, күрделі радикалдары болған жағдайда тұрақсыз.

Айрықша нұсқаулар

Қуыстарды шаю үшін қолданылмайды.

Препарат жарық пен жылуда тұрақсыз.

Жүктілік және лактация кезеңі

Препарат жүктілік және бала емізу кезінде қолдануға қарсы көрсетілімдер жоқ.

Дәрілік заттың көлік құралдарын немесе қауіпті механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Препарат көлік құралдарын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

Артық дозалануы

Анықталмаған

Шығарылу түрі және қаптамасы

Қорғағыш қалпақшасы және бүрку қондырмасы бар полиэтилен құтыда 30 мл, 50 мл, 100 мл-ден. Құтылар медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған нұсқаулықпен бірге топтық ыдысқа салынады. Немесе 1 құтыдан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған нұсқаулықпен бірге қартон қорапшаға салынады.

Сақтау шарттары

Жарықтан қорғалған жерде, 25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

2 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші

«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан, Алматы қ-сы, Чаплыгин к-сі, 3. тел: (727) 253-03-88

Тіркеу куәлігінің иесі

«DOSFARM» ЖШС, 050034, Қазақстан, Алматы қ-сы, Чаплыгин к-сі, 3.

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын, дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның мекенжайы

«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, Чаплыгин к-сі, 3, тел./факс: (727) 253-03-88, эл. поштасы: dosfarm@dosfarm.kz